

БЕКІТІЛДІ
«Nomad Life» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
24.04.2018 ж. №240418/2
хаттамасы

(Сақтандыру қағидаларына № 1 өзгерістермен және қосымшаларымен
25.10.2018 ж. № 251018/1хаттама
13.03.2020 ж. № 130320/1 хаттама Сақтандыру қағидаларына № 2 өзгерістермен)

«ZOLOTO NOMADOV»
Өмірді жинақтаушы сақтандыру қағидалары

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «ZOLOTO NOMADOV» өмірді жинақтаушы сақтандыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.
2. Қағидалар жеке тұлғалармен және заңды тұлғалармен «ZOLOTO NOMADOV» өмірді жинақтаушы сақтандыруды (бұдан әрі – сақтандыру өнімі) жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын, өмірді жинақтаушы сақтандыру талаптарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасасу тәртібін айқындайды.
3. Сақтанушы мен Сақтандырушы осы Қағидаларда және сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) айқындалған сомаларды қайта есептеу талаптарын қабылдайды.
4. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу ұлттық валюта – теңгемен жүзеге асырылады және Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Сақтандыру қағидаларының талаптары бойынша қайта есептеуге жатады.

1- БАП. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар

1. **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни, сақтандыру жағдайы пайда болған кезде Сақтанушыға немесе пайдасы соманы сақтандыру (сақтандыру сомасы) шартымен анықталған шектерде сақтандыру шарты жасалған (Пайда алушыға) басқа тұлғаға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы. Сақтандырушы болып тек сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар заңды тұлға ғана бола алады.
2. **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан (18 жасқа толған) заңды немесе жеке тұлға.
3. **Сақтандырылушы** – осыған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет ету мерзімі өткенде Сақтандырылушының жасы 70 жастан аспауы тиіс, егер өзгесактандыру шартында көзделмесе.
4. **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемінің алушысы болып табылатын тұлға.
5. **Сақтандыру полисі** – Сақтандырушымен осы Қағидалармен қоса (Сақтандыру Қағидаларына қосылу шарты) және сақтандыру шарты болып табылатын Сақтанушыға берілетін жазбаша құжат.
6. Осы Қағидалардың шарттарын жүзеге асыру мақсатында сақтандыру полисі келесілерге бөлінеді:
 - 1) **Түпнұсқалы сақтандыру полисі** – сақтандыру шартын жасасу барысында, Сақтандырушымен Сақтанушыға берілетін полис;
 - 2) **Жаңартылған сақтандыру полисі** – Қағидалармен қарастырылған жағдайларда бұрын берілген полистің орнына сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында Сақтандырушымен Сақтанушыға берілетін полис;
7. **Сақтандыру полисіне берілетін қосымша** – бұрын берілген полиске қосымша ретінде, сондай-ақ, Қағидалармен қарастырылған немесе тараптар келісілген жағдайларда сақтандыру шартына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу барысында Сақтандырушымен Сақтанушыға берілетін жазбаша құжат.
8. **Сақтандыру полисінің телнұсқасы** – түпнұсқаға бірдей заңды күшке ие сақтандыру полисінің жоғалған түпнұсқаның орнына Сақтандырушымен Сақтанушыға берілетін сақтандыру полисі.
9. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

10. **Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – Сақтандырушымен сақтандыру шартымен анықталған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы.
11. **Сақтандыру төлемі** – сақтандырушы сақтандыру оқиғасы басталған кезде Сақтандырушымен Пайда алушыға төленетін ақша сомасы.
12. **Сатып алу сомасы** – Сақтанушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде алуға құқығы бар ақша сомасы.
13. **Сақтандыру нысаны** – сақтандыру шартымен белгіленген белгілі бір мерзімге дейін Сақтандырылушының өмір соңына дейін, сондай-ақ, өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен, еңбекке қабілеттілікті жоғалтумен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүдделері.
14. **Сақтандыру оқиғасы** – сақтандыру шартының талаптарымен қарастырылған тәртіпте сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын басталған оқиға.
15. **Андеррайтинг** – сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдерін бағалау және сақтандыру шарттарының талаптарын айқындау.
16. **Сақтандыру полисін беру күні** – сақтандыру шартын жасасудың күні болып табылатын, сақтандыру полисінде көрсетілген күн.
17. **Сақтандыру полисі әрекет етуін бастаған күн** – сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру қорғанысы күшіне енуден басталған сақтандыру полисі берілген күннен кейінгі күн.
18. **Сақтандыру полисінің жылдығы** – күні мен айы сақтандыру полисін берген күнге және айға сәйкес келетін сақтандыру шарты әрекет ету кезеңінде келетін жыл сайынғы күн.
19. **Сақтандыру жылы** – сақтандыру полисін берген күннен (сақтандырудың бірінші жылы) немесе сақтандыру полисінің жылдығынан (сақтандырудың келесі жылдары) басталатын он екі айлық кезең.
20. **Жинақтау кезеңі** – сақтандыру полисінің әрекет ете бастаған күннен бастап, сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру мерзімі аяқталатын күнге дейінгі кезең.
21. **Сақтандыру мерзімі** – сақтандыру полисінің әрекет ете бастаған күннен бастап, Пайда алушы өмір сүргенге дейін сақтандыру полисінде көрсетілген аннуитетті төлемдерді алуға құқықты алған кезде аннуитетті төлемдер басталған күнге дейінгі кезең.
22. **Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі** – Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі әрекет ететін уақыт ішіндегі кезең. Бұл жағдайда сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі сақтандыру мерзімімен сәйкес келеді.
23. **Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мерзімділігі (кезені)** – әрбір сақтандыру жарнасы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде төленетін уақыттың осындай жарна тиесілі кезең басталғанға дейінгі бөлігі. Осы Қағидаларға сәйкес жарналарды төлеу кезеңділігі тек біржолғы болуы мүмкін.
24. **«USD / KZT TOD» бағамы** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі/Серіктес-банк белгілеген және Сақтандыру қағидаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен қолданылатын АҚШ долларына арақатынас бойынша теңгенің бағамы.
25. **Серіктес-банк** – Сақтандырушы Сақтандырушының «Золото Номадов» сақтандыру өнімі бойынша сақтанушылардан төлемдерді қабылдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасқан екінші деңгейдегі банк. Серіктес-банктердің тізімі Сақтандырушының сайтында орналастырылған.
26. **Актуарий** – сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйлықақылары мөлшерлемелерінің экономикалық-математикалық есеп айырысуларын жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүргізілетін және жүргізілуі жоспарланған сақтандыру

түрлерінің түсімділігі мен кірістілігін бағалауды жүргізетін уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға.

2-БАП. Сақтанушыны ауыстыру

1. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін соңғысының, Сақтандырушы мен Сақтандырылушының жазбаша келісімімен басқа тұлғаға беруге құқылы. Құқықтар мен міндеттерді беру Сақтанушы, Сақтандырылушы және сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын тұлға (Сақтанушының құқықтық мирасқоры) қол қойған Сақтанушының өтініші негізінде сақтандыру полисінің түпнұсқасын не оның телнұсқасын қоса бере отырып, Жаңартылған сақтандыру полисін беру жолымен ресімделеді. Сақтанушыны ауыстыру Сақтандырушы Сақтанушының құқықтық мирасқорына Жаңартылған полисті берген күннен бастап жарамды болады.
2. Сақтандырылушы пайдасына сақтандыру шартын жасаған Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттемелері оның жазбаша келісімімен Сақтандырылушыға өтеді. Сақтандырылушыдан Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдауға (Сақтанушыны ауыстыруға) өтініш болмаған жағдайда, сақтандыру шарты Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады. Бұл ретте Сақтанушы мұрагерлерінің сатып алу сомасын алуға құқығы бар (бар болса).
3. Сақтандырылушы болып табылатын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда Сақтанушыны ауыстыру жүргізілмейді, ал бұл жағдай сақтандыру шартының талаптары шеңберінде қаралады.
4. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы қайта ұйымдастырылған кезде – оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

3-БАП. Сақтандырылушыны ауыстыру

1. Сақтандырушы болып табылмайтын Сақтандыру шартында аталған сақтандырылушы Сақтандырушының және жаңа Сақтандырылушының келісімімен сақтандыру полисінің бір жылдығында басқасымен ауыстырылуы мүмкін.
2. Сақтандырылушыны ауыстыру Сақтандырушы мен Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушының құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға қол қойған Сақтандырушының өтініші негізінде Жаңартылған сақтандыру полисін беру жолымен, өтінішке сақтандыру полисінің түпнұсқасын не оның телнұсқасын қоса бере отырып ресімделеді.
3. Сақтандырылушыны ауыстыру осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.
4. Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтандырылушы қайтыс болған және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда Сақтанушы Сақтандырылушыны сақтандыру полисінің бір жылдығына ауыстыруды жүргізуге құқылы. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылуы Сақтандырылушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады және Сақтандырылушыны ауыстыру осы Қағидаларда көзделген тәртіппен сақтандыру полисінің кезекті жылдығына жүргізіледі.
5. Сақтандырылушыны ауыстыру кезінде Сақтандырушы жаңа Сақтандырылушы бойынша жүргізілген андеррайтингті ескере отырып, сақтандыру полисі бойынша барлық сомаларды қайта есептеуді жүргізеді.

4-БАП. Пайда алушыны ауыстыру

1. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру полисінде көрсетілген Пайда алушыны бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.
2. Пайда алушыны ауыстыру Сақтандырылушының жазбаша келісімімен жүзеге асырылады және Сақтанушыға Жаңартылған сақтандыру полисі берілген күннен бастап жарамды болады.
3. Пайда алушының Сақтанушымен келісімінен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша талап қойғаннан кейін оны басқа тұлға алмастыра алмайды.

5-БАП. Сақтандыру шартының әрекет етуі

1. Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда сақтандыру шарты күшіне енеді және сақтандыру полисі берілген күннен кейінгі күннен бастап тараптар үшін міндетті болады және тараптар сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.
2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

6-БАП. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) байланыс деректерін өзгерту

1. Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыруға/өзгертуге арналған өтініште көрсетілген байланыс деректеріне (оның орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы және/немесе электрондық мекенжайы және/немесе ұялы телефоны және т.б.) хабарлама жібереді.
2. Хабарлама Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.
3. Байланыс деректері өзгерген кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) он күн мерзімде өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыруға/өзгертуге арналған өтініште көрсетілген алдыңғы байланыс деректері бойынша жіберілген кез келген хабарламасын тараптар орындаған (жарамды) деп есептейтін болады.
4. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) хабарламаларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

7-БАП. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) осы Қағидалармен танысуға;
- 2) осы Қағидалармен қарастырылған тәртіпте сақтандыру шартын бұзуға;
- 3) сақтандыру құпиясына;
- 4) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;
- 5) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушыға Қағидалардың 9-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыру оқиғасы басталу ықтималдылығын бағалау үшін мән-мағынаға ие болатын оған мәлім болатын барлық жағдайлар жөнінде хабарлауға, сондай-ақ, сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті барлық деректер жайында хабарлауға;

- 2) сақтандыру полисін алған кезде оның беткі жағына және алған күнін көрсете отырып, Сақтанушы полисті алғандығы жайында хабарламаға (сақтандыру полисінің үзбелі бөлігіне) өз қолтаңбасын қоюға және Сақтандырушыға (оның өкіліне) қол қойылған хабарламаны беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасы басталған күннен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ол басталғандығы жайында жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмайтын болса, осындай міндеттеме Сақтандырылушыға артылады. Егер сақтандыру оқиғасы Сақтандырылушының қайтыс болуы болып табылатын болса, онда сақтандыру оқиғасы жайында Сақтандырушыға хабарлау міндеттемесі Сақтанушыға артылады, ал егер ол бір уақытта Сақтандырылушы болып табылса, онда Пайда алушыға артылады;
- 4) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының басталған жағдайларын уақтылы және толық анықтауға әрекеттесуге;
- 5) сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) төлеуге;
- 6) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 7) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес онымен қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 2) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 3) тәуекел дәрежесін анықтау және тариф мөлшерін белгілеу үшін мағынаға ие болатын кез келген ақпаратты Сақтанушыдан сұрауға;
- 4) сол немесе басқа тәуекел бойынша сұратылған сақтандыру сомасының негіздемесін талап етуге. Сақтанушы тәуекел дәрежесін, тариф мөлшерін анықтауға қажетті Сақтандырушымен сұратылған мәліметті беруге жағдайы жоқ немесе ниеті жоқ болған жағдайларда, сондай-ақ, Сақтандырушының андеррайтинг бойынша маманның теріс қорытындысы барысында сақтандыру шартын жасасудан немесе қалпына келтіруден бас тартуға;
- 5) төлем мөлшерін азайтуға және Қағидалардың 17-бабында қарастырылған жағдайлар барысында төленген төлемдерді қайтарып беруді талап етуге;
- 6) сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні пайда болған кез келген берешегі мөлшерінде, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес алынған заем шарты бойынша одан соманы ұстап қалуға құқылы.
- 7) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру қағидаларымен таныстырып шығуға;
- 2) сақтандыру оқиғасы басталған кезде сақтандыру шартымен қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) Сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыруға және осы Қағидалардың көшірмесін ұсынуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушымен, Сақтандырылушымен қатынастарда сақтандыру құпиясын, құпиялылығын, өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған Сақтанушы, Сақтандырылушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеді қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған

жағдайда, оларды жетіспейтін құжаттар туралы құжаттарды толық емес көлемде алған сәттен бастап 5 жұмыс (бес) күн ішінде хабардар етуге;

- б) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

2-ТАРАУ. ӨМІРДІ ЖИНАҚТАУШЫ САҚТАНДЫРУ

8-БАП. Сақтандыру оқиғасы

1. Қағидаларға сәйкес сақтандыру оқиғасы (негізгі өтелім) болып келесілер табылады:
 - 1) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанша мерзім соңына дейін өмір сүруі;
 - 2) Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, жинақтау кезеңінде болған кез келген себеп бойынша сақтандырылған адамның қайтыс болуы.
2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сақтандыру жағдайларының бірі басталған кезде сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап (өмір сүрген жағдайда – сақтандыру мерзімі аяқталған күннен бастап, Сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған күннен бастап) тоқтатылады.

9-БАП. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушыны Қағидаларға қосу және сақтандыру полисін беру жолымен жазбаша нысанда жасалады.
2. Сақтандыру полисіне және оған қосымшаларға Сақтандырушының атынан сақтандыру шартына қол қоюға уәкілетті тұлға – қызметкер немесе Сақтандырушының сақтандыру агенті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қол қояды. Сақтандырушының атынан және оның тапсырмасы бойынша осындай әрекеттерді жасауға Сақтандырушы уәкілеттік бермеген басқа тұлғалар қол қойған сақтандыру полистері мен оларға қосымшалар жарамсыз деп есептеледі.
3. Сақтандыру шарты Сақтанушының, Сақтандырылушының және Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың және ЖСН көшірмесін қоса бере отырып, Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырушыға Сақтандырушы берген өтініш негізінде Сақтандырылушының келісімімен жасалады.
4. Сақтанушыдан сақтандыруға өтініш алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаны (Сақтандырылушыны) оның нақты денсаулық жағдайын бағалау үшін медициналық тексеруге жіберуге құқылы.
5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыруға арналған өтініште Сақтандырушыға белгілі, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал шығындардың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайларды, егер бұл мән-жайлар белгісіз болса және Сақтандырушыға белгілі болмауға тиіс болса, хабарлауға міндетті. Кез келген жағдайда, осы Қағидаларда немесе Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу кезеңінде жіберген жазбаша сұрау салуында белгілі айтылған мән-жайлар, оның ішінде сақтандыруға арналған өтініште және сұрақнамада көрсетілген мәліметтер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мән-жайлар елеулі деп танылады.
6. Сақтандырушы тараптардың келісімі бойынша жүргізген андеррайтингтің нәтижелері бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында жеке Сақтандырылушыға қатысты ерекше талаптарды көздеуге құқылы, бұл туралы сақтандыру полисінде белгі жасалады.
7. Егер сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтандырушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, Сақтандырушы кейіннен тиісті мән-жайларды Сақтанушы хабарламаған негізде шартты бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
8. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені

анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы үндемеген мән-жайлар бұрыннан бар болса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

9. Сақтандырушы сақтандыру шартында, осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген не сақтандыру шартында белгіленген мерзім ішінде толық төленбеген жағдайда, қолданыстағы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және егер біржолғы сақтандыру сыйлықақысы төленбеген не толық төленбеген жағдайда, төленген соманы қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу кезінде шеккен өзінің әкімшілік шығыстарын сақтандыру сыйлықақысының алынған сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өтеуге құқығы бар.
10. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін Сақтандыруға арналған өтініш, сақтандыру полисі, Сақтанушының сақтандыру полисін алғаны туралы хабарлама (сақтандыру полисінің үзбелі бөлігі), сондай-ақ сақтандыру полисіне кез келген қосымшалар және осы Сақтандыру қағидаларында белгіленген өзге де құжаттар сақтандыру шартын жасайтын болады және оның ажырамас бөліктері болып табылады.
11. Сақтанушының өтініші бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезінде Сақтанушы сақтандыру шартына қол қоймаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартының күшін жоюы мүмкін және төленген ақша сомасы Сақтандырушының Сақтанушыға қайтарылатын ақша сомасын аударуға байланысты банк шығыстарын шегере отырып (бар болса) Сақтанушыға қайтаруға жатады. Бұл ретте, осы Қағидалардың қайта есептеу туралы шарттары қолданылмайды.
12. I-II топтағы мүгедектермен, террористер тізбесінде көрсетілген психикалық, ауыр неврологиялық аурулармен ауыратын, ЖҚТБ-мен ауыратын және АИТВ-ға шалдыққан, психоневрологиялық және/немесе наркологиялық диспансерлерде есепте тұрған, қылмыстық қылмыс жасағаны үшін жазасын еңбекпен түзеу мекемелерінде өтеп жүрген, тергеу изоляторында отырған тұлғалармен шарт жасалмайды. Аталған тұлғаларға қатысты жасалған шарт осындай шарт жасалған кезден бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақылары (жарналары) Сақтандырылушы террористер тізбесімен сәйкес келген кезде сақтандырушы шеккен шығыстарды шегере отырып, қайтарылуға жатады, сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.

10-БАП. Медициналық тексеру

1. Сақтандыру шартын жасау алдында Сақтандырушы денсаулығының нақты күйін бағалау үшін сақтандырылатын тұлғаны (Сақтандырылушыны) медициналық тексерілуге жіберуге құқылы. Медициналық тексеру Сақтандырушымен анықталған мекемеде немесе өзге медициналық мекемеде жүзеге асырала алады.
2. Сақтандырылған тұлға сақтандыру шартын жасағаннан кейін, бірақ сақтандыру тәуекелін ұлғайту дәрежесін анықтау мақсатында сақтандыру оқиғасы басталғанға дейін медициналық тексерілуге Сақтандырушымен жіберіле алады.
3. Сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға ұшырататын жағдайлар жөнінде хабар алған Сақтандырушы шарттың талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге мөлшерлей отырып, қосымша сақтандыру сыйлықақыны төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақыны қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, Сақтандырушы бұзудың болжамды күніне дейін отыз күнтізбелік күн бұрын Сақтанушыға сақтандыру шартын бұзу жөнінде ескертеді және шарт осы мерзім өткенде бұзылды деп есептеледі.
4. Сақтандыру шартын жасағанға дейінгі медициналық тексеру сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) есебінен жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда Сақтандырылушымен төленген медициналық тексеру Сақтандырушымен өтеледі.

Сақтандыру шартын жасағаннан кейін медициналық тексеру соңғысына сақтандыру сыйлықақыны немесе сақтандыру жарналарын төлеген шартында Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.

5. Медициналық тексеру бойынша шығындар медициналық қызметтер төлемін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда сақтандыру сыйлықақыны немесе сақтандыру жарналарын төлегеннен кейін Сақтандырушымен өтеліп беріледі.
6. Егер медициналық тексеру Сақтандырушымен анықталған медициналық мекемеде жүзеге асырылған болса, өндірілген шығындар медициналық тексеру төлемін растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде Сақтандырушымен өтеліп беріледі.
Егер медициналық тексеру Сақтандырушымен белгіленбеген медициналық мекемеде жүзеге асырылған болса, онда өндірілген шығындар Сақтандырушымен анықталған медициналық мекемедегі ұқсас медициналық тексеру құны шегінде, бірақ нақты өндірілген шығындардан артық емес көлемде өтеледі.
7. Егер сақтандыру шарты жасалмаған болса, немесе сақтандыру шартымен белгіленген мерзімде бірінші сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толықтай төленбеген болса, медициналық тексеру бойынша шығындар Сақтандырушымен өтелмейді.
8. Сақтандырылушы медициналық тексеру нәтижелерін ұсына алады, егер оларды өткізу мерзімі Сақтандырушы сақтандыру арызын алған күнге дейін 6 айды асырмайтын болса.
9. Сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) медициналық тексеруден өтуден бас тартуы, Сақтандырушыға тексеруден өте алмаудың дәлелді себептерін бермеуі, Сақтандырушының сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға әкеледі, ал егер ол жасалған болса – Сақтандырушымен бір жақты тәртіпте сақтандыру шарты бұзылады және Сақтандырушы заңнамалық тәртіпте белгіленген өз міндеттемелерін орындаудан босатылады, бұл жөнінде Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

11-БАП. Сақтандыру сомасы

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі.
2. Сақтандыру полисіндегі сақтандыру сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі және сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген «USD/ KZT TOD» ресми бағамы бойынша қайта есептеудің қолданылатын шарттарына сәйкес теңгемен сомаға баламалы.
3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру төлемі туралы өкімді қалыптастыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген «USD/ KZT TOD» ресми бағамы бойынша қайта есептеуге жатады.

12-БАП. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырылушының сақтандыру сомасының мөлшеріне, сақтандыру мерзіміне, жынысына, жасы мен денсаулық жағдайына байланысты болады. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетіледі.
2. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде бір мезгілде төленеді.
3. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшамен (тікелей Сақтандырушының кассасына) не қолма-қол ақшасыз (тікелей Сақтандырушының банк шотына) төлеммен төленуі мүмкін.
4. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталған күнге дейін толық көлемде төлеуге міндетті.
5. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын ұлғайтқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартына өзгерістер енгізгенге дейін Сақтандырылушыны оның денсаулық жағдайының нақты жай-күйін айқындау және сақтандыру тәуекелінің жоғарылау дәрежесін анықтау мақсатында медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

6. Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетілген сақтандыру сыйлықақысын АҚШ долларымен төлеу сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) және Сақтандыру қағидаларының талаптарына сәйкес оны қайта есептеу талаптарымен теңгемен жүргізіледі.

13-БАП. Сатып алу сомасы және оны төлеу тәртібі

1. Сақтанушы сақтандыру шартының әрекет етуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және бар болған жағдайда сатып алу сомасын алуға құқылы. Бұл ретте сатып алу сомасы Сақтанушының өтініш берген күніне есептеледі.
2. Сақтанушы сақтандыру шартын бұзу және бар болған жағдайда сатып алу сомасын алу үшін, төмендегілерді ұсынуы тиіс:
 - 1) бұзу себептері мен банк деректемелері көрсетілген жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы не оның телнұсқасы (сақтандыру полисі жоғалған жағдайда – одан әрі телнұсқасын бермей, жоғалғаны туралы өтініш);
 - 3) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін ЖСН, заңды тұлғалар үшін БСН.
3. Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушының қайтыс болуына байланысты сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтанушының мұрагерлері Сақтанушының қайтыс болған күніне Сақтандырушы есептейтін сатып алу сомасын алуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының мұрагерлері төмендегідей құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) банктік деректемелері көрсетілген жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы немесе оның телнұсқасы;
 - 3) Сақтанушы қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариуспен куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтанушы мұрагерлерінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері, ЖСН.
 - 5) заң бойынша мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариуспен куәландырылған көшірмесі.
4. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері шарттың қолданылуының әрбір жылының аяғында айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі. Сақтандыру шарты қолданылуының бірінші жылының соңында сатып алу сомасының болуы көзделмейді, сатып алу сомасы сақтандырудың екінші жылының бірінші күнінен бастап қалыптастырылады. Оған сақтанушылар сақтандыру сыйлықақысын жинақтаудың барлық кезеңі үшін бір мезгілде төлеген сақтандыру шарттары жатпайды, мұндай шарттар бойынша сатып алу сомасы сақтандырудың бірінші күнінен бастап қалыптастырылады.
5. Сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушыға сатып алу сомасы шегінде берілген қарыздарды және осындай қарыздар бойынша есептелген сыйақыны есепке алмай сақтандыру полисінде көрсетілген.
6. Сақтандырушы сатып алу сомасын, ол болған кезде, осы баптың 3 және 2-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлейді.
7. Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеу кезінде осы Ережеге сәйкес жасалған қарыз шарты бойынша Сақтанушының берешегі мөлшерінде ақша сомасын, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандырушы алдындағы кез келген басқа берешегін ұстап қалуға құқылы.
8. Сатып алу сомасына салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

14-БАП. Пайда алушы

1. Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы бойынша, егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырылушының келісімімен Сақтанушының Сақтандыруға/өзгертуге арналған өтінішінде белгіленген Сақтанушы не тұлға (немесе

сақтандыру төлемінен түскен үлестерін көрсете отырып, бірнеше тұлға) Пайда алушы болып табылады.

2. Сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы Пайда алушы (немесе сақтандыру төлемінен түскен үлестерін көрсете отырып, бірнеше Пайда алушылар) Сақтандырылушының келісімімен Сақтандырылушының сақтандыруға/өзгертуге арналған өтінішінде, егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, тағайындалады.
3. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін қайтыс болған не оның өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, егер Пайда алушы ауыстырылмаса, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады.
4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда, Пайда алушының мұрагерлерінің сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.
5. Пайда алушы сақтандыру төлемі күніне дейін Сақтандырушыға өзінің банктік деректемелерін көрсете отырып өтініш беруге міндетті.

15-БАП. Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайын растау үшін – Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі – Пайда алушы төмендегідей құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы не оның телнұсқасы, сондай-ақ полиске қосымша;
 - 3) өтініш берілген күні нотариуспен куәландырылған, құжаттың түпнұсқасын шолуға және/немесе Сақтандырылушының жеке келуін (қажет болған жағдайда) ұсына отырып, Сақтандырылған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Мұндай дәлелдемелерді ұсынбау Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды олар берілгенге дейін кейінге қалдыруға құқық береді;
 - 4) Пайда алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН).
2. Сақтандыру жағдайын растау үшін – Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі кезеңінде туындаған кез келген себеп бойынша қайтыс болуы Сақтанушы немесе Пайда алушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы не оның телнұсқасы, сондай-ақ полиске қосымша;
 - 3) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариуспен куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы дәрігерлік куәліктің көшірмесі (бар болса);
 - 5) егер мұндай сараптама жүргізілсе, қайтыс болу себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының көшірмесін ұсынады. Егер ашу жүргізілмеген жағдайда – уәкілетті органнан осы сараптама жүргізілмегені туралы жазбаша растау;
 - 6) егер Сақтандырылушының қайтыс болуына қандай да бір ауру себеп болса, уәкілетті адамның қолымен және медициналық мекеменің мөрімен расталған ауру тарихынан немесе амбулаториялық картадан үзінді көшірме;
 - 7) құзыретіне жазатайым оқиғаның басталу фактісін растау, туындаған зардаптарды нақтылау, сондай-ақ егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым оқиға нәтижесінде болған болса, олардың арасындағы себептік байланыс жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;
 - 8) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін ЖСН; заңды тұлғалар үшін БСН;
 - 9) нақты тұлға Пайда алушы ретінде тағайындалмаған жағдайда, мұрагерлік құқығына кіруді куәландыратын және сақтандыру төлемін алу үшін қажетті Сақтандырылушының

мұрагерлерінің құжаттары (көшірмелері: мұрагерлік құқығы туралы куәлік, жеке басын куәландыратын құжат; мұрагердің ЖСН);

- 10) Сақтандырушының сұрауы бойынша өзге құжаттары.
3. Егер Сақтандырылушының қайтыс болу фактісі бойынша тергеу жүргізетін органдар (бұдан әрі – Органдар) қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараса, Сақтандырушы Пайда алушыдан немесе Органдардан қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының көшірмелерін сұратуға құқылы.
Бұл ретте Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Органдар іс жүргізу шешімін шығарғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.
4. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге және өтініш берушіге алынған құжаттардың тізбесі мен олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

16-БАП. Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен шарттары

1. Осы баптың 6-8-тармақтарында көрсетілгеннен өзге мән-жайлар нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері осы Қағидаларының 11-бабына сәйкес сақтандыру сомасына тең.
2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім Қағидалардың 15-бабында көзделген барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.
3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім Сақтанушыға және Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, хабарлама жіберу арқылы жазбаша нысанда хабарланады.
5. Компания сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы Сақтандырылушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады және Сақтанушының осы Қағидалардың 13-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген тәртіппен сатып алу сомасын алуға не Сақтандырылушыны сақтандыру полисінің кезекті жылдығына ауыстыруға құқығы бар.
6. Сақтандыру төлемінің мөлшері, егер сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңінде тікелей немесе жанама түрде мыналардың нәтижесінде басталса, сақтандыру жағдайы басталған күнге (Сақтандырылушы қайтыс болған күнге) сатып алу сомасына тең:
 - 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсерлерінің;
 - 2) әскери қимылдардың;
 - 3) азаматтық соғыстың, түрлі жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің халықтық толқуларының;
 - 4) медициналық мекеменің білікті дәрігері ұйғарған дәрілерді пайдалануды қоспағанда, сақтандырылушының есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануы (медициналық куәландыруды/сараптаманы жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде);
 - 5) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 6) жеңіл дәрежеден басқа, алкогольдік мастық;

- 7) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
- 8) Сақтандырылған кәсіби спортпен немесе қауіпті спорт түрлерімен шұғылданду (қысқы, су асты, ат спорты, авиациялық, спорттың күштік түрлері, құзға шығу, альпинизм, дельтапланеризм, парашют спорты, шығыс жекпе-жегі) немесе осындай үлгідегі жаттығулар, сондай-ақ өмірге қатер төндірумен байланысты трюктерді орындау (егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыруға қабылдау кезінде не сақтандырудың қолданылу кезеңінде осы ақпаратты Сақтандырушыдан жасырған және сақтандыру шартында тікелей өзгеше көзделмеген жағдайда);
- 9) лицензияланатын авиакомпанияның жолаушылар әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда, ұшу аппараттарында (оның ішінде дельтапандарда, парашюттерде) ұшу (растайтын құжаттар болған кезде).
7. Сақтандыру (сақтандыру қорғау) шартының үздіксіз қолданылуының алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері, егер мұндай жағдай мынадай оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, сақтандыру жағдайы басталған күнге (Сақтандырылушы қайтыс болған күнге) сатып алу сомасына тең (ол сақтандыру шарты бойынша болған жағдайда):
 - 1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті;
 - 2) АҚТҚ инфекциясы аурулары.
8. Сақтандыру (сақтандыру қорғанысы) шартының үздіксіз қолданылуының бірінші жылы ішінде сақтандыру жағдайы басталған күні сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасына тең (сақтандыру шарты бойынша болған жағдайда), егер мұндай жағдай ауыр және/немесе созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруы, жүрек және/немесе қан тамырлары патологиясы, жүйелі ауру, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі, қатерлі ісік пайда болуына байланысты ауру нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде басталса, егер осы аурулар туралы Сақтандырушыға шарт жасасу кезінде мәлім болмаса немесе ауру сақтандырудың бірінші жылының ішінде сақтандыру шарты жасалғаннан кейін белгіленген болса.
9. Сатып алу сомасының мөлшері Қағидалардың 13-бабына сәйкес анықталады.
10. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Сақтандыру төлемін төлеу және аудару бойынша шығыстар, егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса ғана Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.
11. Егер Пайда алушы кәмелетке толмаған адам болып табылса, онда сақтандыру төлемін алушы кәмелетке толмағанның ата-анасы, асырап алушы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе Пайда алушының өзге де заңды өкілі болып табылады.

17-БАП. Сақтандырылушы сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүрген кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен шарттары

1. Сақтандыру төлемі Сақтандырушының орналасқан жері бойынша біржолғы төлеммен, қолма-қол ақшасыз төлеммен немесе қолма-қол ақшамен жүргізіледі.
2. Егер Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы сақтандыру шартында дұрыс көрсетілмесе, сақтандыру сыйлықақысының және/немесе сақтандыру төлемінің дұрыс есептелмеуіне әкеп соқтырған болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырылушының нақты туған күніне және/немесе нақты жынысына қарай түзетеді. Бұл ретте тиесілі түзетілген сақтандыру төлемінен тыс төленген ақша сомасы Сақтандырушыға қайтарылуға жатады, ал алынбаған сақтандыру төлемі Пайда алушыға төленуі тиіс.
3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы Қағидалардың 15-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды алған жағдайда сақтандыру мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

4. Сақтандыру төлеміне салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.
5. Пайда алушы Сақтандырушыға оның жеке басын қуәландыратын құжатты және банк деректемелерін табыс етуге міндетті.

18-БАП. Сақтандырылушының өлімі сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан мынадай жағдайларда бас тартуға құқылы:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 9-бабының 5-тармағына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуға тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы (растайтын құжаттар болған кезде);
 - 2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге кедергі келтіруі (растайтын құжаттар болған кезде);
 - 3) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтыны дәлелденбесе, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жазбаша нысанда хабарламауы;
 - 4) Сақтандырушыға осы Ереженің 23-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде Сақтандырушының мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы.

19-БАП. Сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

1. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтаруды немесе сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асыруы;
 - 2) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру сыйлықақысын төлемеу немесе толық көлемде төлемеу;
 - 3) егер Сақтанушыны ауыстыру жүргізілмесе, Сақтанушы қайтыс болған (Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап) жағдайда;
 - 4) Сақтандырылушының жинақталу кезеңінде қайтыс болуы (Сақтандырылушы қайтыс болған күннен бастап);
 - 5) сақтандыру мерзімі өткеннен кейін және Сақтандырушының сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асыруы бойынша;
 - 6) Сақтандыру қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.
2. Осы бапта көзделген негіздер бойынша сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату сақтандыру шартында көзделген сақтандыру өтемінің қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.

20-БАП. Сақтандыру полисінің барлық сомасын қайта есептеу талаптары

1. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады. Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) АҚШ долларымен (USD) көрсетілген сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша сақтандыру сомасы, сатып алу сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін «USD/ KZT TOD» ресми бағамына сәйкес теңгенің баламалары, оларды қайта есептеу мынадай шарттарында:

- 1) Сақтандыру төлемдері, сатып алу сомаларын төлеу және сақтандыру сыйлықақыларын қайтару төлемге өкімді қалыптастыру күніне – қайта есептеу талаптарын қолдана отырып теңгемен жүргізіледі;
- 2) Сақтандыру сыйлықақысы қайта есептеу талаптарын қолдана отырып – төлеу күніне (операция жасалған күнге) теңгемен төленеді;
- 3) Сақтандыру сомасы – сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне қайта есептеу талаптарын қолдана отырып, сақтандыру шартын жасасу кезінде, ал сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде – сақтандыру төлемі туралы өкімді қалыптастыру күніне қалыптастырылады.
2. Сақтандыру сыйлықақысы Серіктес-банк арқылы төленуі мүмкін. Бұл жағдайда Сақтандырушы теңгенің баламасы ретінде төлем жасау сәтінде Серіктес-банк белгілеген «USD/ KZT TOD» бағамын қабылдайды.

3-ТАРАУ. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

21-БАП. Сақтандыру шартын бұзу

1. Егер Сақтанушы сақтандыру полисін берген күннен бастап он төртінші күннен бастап отызыншы күнді қоса алғанда, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасу кезінде шеккен сақтандыру сыйлықақысының алынған сомасының жиырма пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын қайтаруға міндетті. Осы тармақтың ережелері, егер сақтандыру жағдайы басталмаған және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмаған жағдайда қолданылады.
2. Егер Сақтанушы сақтандыру полисі берілген күннен бастап бірінші күннен бастап он үшінші күнді қоса алғандағы кезеңде сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталмаған және Сақтандырушы жүзеге асырмаған жағдайда, Банк комиссиясын (бар болса) төлеуге байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтандырушыға алынған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын қайтаруға міндетті.
3. Егер Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніндегі және одан кейінгі күнгі «USD/ KZT TOD» бағамдары арасындағы айырма 1,5%-дан астам болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сомасын айқындау кезінде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу күнінен кейінгі күнгі «USD/ KZT TOD» бағамы бойынша төлеген сомаларын есепке алады.
4. Осы Қағидаларда көзделген міндеттемелерді тоқтату негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
 - 2) уәкілетті органның Сақтандырушыны ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енген жағдайда;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.
5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде және Қағидалардың 13-бабында көзделген тәртіппен сатып алу сомасы қайтарылуға жатады.
6. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде, егер бұл осы баптың 1, 2, 4-тармақтарында және Қағидалардың 13-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
7. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.

22-БАП. Сақтандыру шартын қалпына келтіру

1. Егер сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылса немесе сақтандыру шарты бұзылса, онда Сақтанушының Қағидалардың осы бабында белгіленген тәртіппен және жағдайларда Сақтандырушыға жазбаша өтініші негізінде, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша қарыздар алуына байланысты берешек сомасын төлеген кезде, егер мұндай берешекті Сақтанушы өтемесе, сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіру мүмкін болады.
2. Сақтанушы сақтандыру шартын қалпына келтіру үшін Сақтандырушы нысаны бойынша Сақтандырылушының/жаңа Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы декларация беруге, сондай-ақ сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын сұрау салушы бланк пен басқа да құжаттарды (Сақтандырушының сұрау салуы бойынша) беруге міндетті.
3. Сақтанушы декларацияда және сауалнама бланкісінде Сақтандырылған адамның/жаңа Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайы туралы сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру шарты қалпына келтірілгеннен кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы тармақта көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
4. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру кезінде Қағидаларда көзделген тәртіппен Сақтандырылған адамның/жаңа Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге, сондай-ақ сақтандыру сомасының мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан кезде сақтандыру шарты қалпына келтіруге жатпайды.
5. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы, егер:
 - 1) Сақтандырылушының/жаңа Сақтандырылушының денсаулық жағдайы Сақтандырушының пікірі бойынша мұндай қайта есептеуге және қалпына келтіруге жол бермесе;
 - 2) сақтандыру шартының тараптары оны бұзған немесе өз міндеттемелерін орындауды тоқтатқан күннен бастап бір жылдан астам уақыт өтсе;
 - 3) мұндай шарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылды және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырса.
6. Сақтандыру шартын қалпына келтіруді Сақтандырушы растайды:
 - 1) Сақтандыру полисін тоқтату/бұзу күнінің алдындағы күні қолданыста болған сақтандыру полисінің талаптарымен сақтандыру шартының қолданылуы қалпына келтірілген кезде Сақтанушыға қалпына келтіру күнін көрсете отырып хабарлама жіберіледі;
 - 2) Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру сомасының мөлшерін, сатып алу сомаларын қайта есептеу және (немесе) Сақтандырылушыны ауыстыру талаптарымен қалпына келтірілген кезде – онда Жаңартылған сақтандыру полисінің қолданылуы басталған күнін көрсете отырып, Сақтанушыға Жаңартылған сақтандыру полисін беру.

23-БАП. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны қарау мерзімдері

1. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға мәлімделген оқиғаны бекіту/тіркеу және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды (тізбені) ұсыну қажеттігі туралы, оның ішінде мұндай құжаттар болған кезде жетіспейтін құжаттар туралы хат жібереді.

2. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлаған кезде Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Сақтандырушыдан тізбені алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Қағидаларда көзделген құжаттарды ұсынуға міндетті.
3. Егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы белгіленген мерзімде Сақтандырушының сұрау салуы бойынша мәлімделген оқиғаны қарау және ол бойынша тиісті шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсынбаса және бірінші сұрау салынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт өткен болса, Сақтандырушы қайта (екінші) сұрау салуды жібереді. Бұл ретте, егер Сақтандырушының қайта (екінші) сұрау салуы күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт өтсе және Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы осы Қағидаларға сәйкес қажетті құжаттарды ұсынбаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын пайдалануға құқылы.
4. Егер тергеу жүргізетін органдар (бұдан әрі – Органдар) Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі бойынша қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының көшірмелерін сұратуға құқылы.
5. Бұл ретте, Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Органдар іс жүргізу шешімін шығарғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

24-БАП. Қарыз алу құқығы

1. Сақтанушының Сақтандырушымен келісілген мөлшерде сатып алу сомасы шегінде қарыз алуға құқығы бар.
2. Қарыз шартын ресімдеу үшін Сақтанушы:
 - қарыз беру туралы өтініш;
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы не оның телнұсқасы;
 - Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
3. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады.
4. Сақтанушыларға қарыздар Сақтандырушымен заң талаптарына сәйкес қарыз берілген күнге белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша беріледі.
5. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі қарыз шартында оған екі тарап қол қойған сәтте көрсетіледі және қарыз шарты қолданысының барлық кезеңіне өзгеріссіз қалады.
6. Қарыз беру қарыз сомасы ескеріле отырып айқындалатын кез келген мақсатқа, мерзімге жүзеге асырылады.
7. Бір күнтізбелік жыл үшін қарыз және есептелген сыйақы сомасы қарыз берілген күнгі сатып алу сомасынан аспауы тиіс.
8. Заем бойынша берешек сомасы заем мәні болып табылатын ақша сомасын, заем бойынша сыйақыны және заем бойынша өсімпұлды қамтиды, ол болған кезде.
9. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданылу мерзімінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушының қарыз шарты бойынша берешегінің сомасына азайтылады. Сақтандыру шарты қолданылуының әрбір келесі жылы үшін сатып алу сомасының мөлшері жүргізілген азайтуды ескере отырып айқындалады. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері не сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын азайту сәтінде не сақтандыру сомасын төлеуді жүзеге асыру сәтінде азайтылады.
10. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасының мөлшеріне жетсе, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы мен сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең деп есептеледі және мұндай сақтандыру шарты өзінің қолданысын тоқтатады.

Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша сатып алу және/немесе сақтандыру сомасын азайту күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын хабардар етеді.

11. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек сатып алу сомасын төлеу кезінде – сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде – Сақтандырылушы қайтыс болған немесе сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүрген жағдайда, егер сол уақытта Сақтанушы көрсетілген берешекті өтемеген болса, дер кезінде өтеуге жатады. Көрсетілген берешек Қағидалардың 16-бабының 12-тармағына және Қағидалардың 17-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтандырушыға) төлеуге тиіс сомадан өтеледі.
12. Сақтанушы төлейтін ақша сомасы төмендегі тәртіппен есепке алынуға тиіс:
 - 1) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыз бойынша өсімпұлды өтеу шотына (бар болған жағдайда);
 - 2) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздар бойынша сыйақыны өтеу есебіне;
 - 3) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздың негізгі сомасын өтеу есебіне.
13. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша бірнеше бірізді қарыздар берген кезде олар кейіннен осы Бапта баяндалған талаптар мен шектеулер қолданылатын бір қарыз ретінде қаралады.

25-БАП. Қайта сақтандыру

1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен басқа Сақтандырушыда не Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, сондай-ақ сақтандыру/қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және тіркелген шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын Сақтандырушыда (қайта сақтандырушыларда) жасалған сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының алдындағы өз міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін орындау тәуекелін қайта сақтандыруға құқылы.
2. Қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру туралы шарт жасасқан Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) алдында сақтандыру шартына сәйкес толық көлемде жауапты болып қалады.

26-БАП. Форс-мажор

1. Тараптар өрт, дүлей апаттар, соғыс, кез келген сипаттағы әскери операциялар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, блокадалар, экспортқа немесе импортқа тыйым салу, дефолт, мемлекеттік органның нормативтік актіні немесе тараптарға байланысты емес басқа да мән-жайларды қабылдауы салдарынан сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды.
2. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.

27-БАП. Басқа талаптар

1. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар Қағидаларда көзделген тәртіппен және жаңа сақтандыру полисін және/немесе оған қосымшаларды беру жолымен тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі.
2. Сақтандыру полисі жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және дубликат алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандыру полисінің телнұсқасын алуға байланысты шығыстарды Сақтанушы көтереді.
3. Сақтандыру шартында белгіленген барлық сомалар сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес теңгемен өтелуі/төленуі тиіс.

4. Сақтандыру шартына қатысты кез келген ескертулер, өтініштер, талаптар, хабарламалар, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуға және басқа тарапқа тікелей берілуге немесе олардың жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі тиіс.
5. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі.
6. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.